

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 26 тамыз 2024 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар: 22

Хатшы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағандар: 1

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыру–шынықтыру іс–шараларының қорытындысы.

Жауапты: әдіскер М.Байсеитова

2. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен, оқу жоспарымен таныстыру.

Жауапты: әдіскер М.Байсеитова

3. ЖШС бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарын, ҰІӨ кестесін, күн тәртібін және педагогтардың перспективалық жоспарларын талқылау, бекіту.

Жауапты: б/б меңгерушісі А.Үсен

4. Педагогтардың 2024-2025 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеру туралы өтініш қарау. Сараптау, аттестаттау комиссиясын құру.

Жауапты: б/б меңгерушісі А.Үсен

5. Озық іс-тәжірбие жинақтаушыны бекіту.

Жауапты: б/б меңгерушісі А.Үсен

ТЫҢДАЛАДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе, жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының қорытындысы бойынша әдіскер К. Усибекова сөз сөйледі.

Балабақшамыздағы жазғы-сауықтыру іс-шараларын педагогтар жас ерекшелігіне қарай топтардың жазғы перспективалық жоспарына сай ұйымдастырып, үлкен дайындықпен өткізіп отырды. Іс шаралар жоспары бойынша ойын-сауықтар, ермектік ойындар, денсаулық күндері мен мерекелері, балабақша аумағынан тыс жерге серуендеулер қанағаттанарлық дәрежеде ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы мезгілде балалар арасында жарақат алған, денсаулығына зиян тиген, тамақтан уланған жағдайлар болмады.

Сөз сөйлеген: психолог Ж.Қуандық

Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының өтуі қанағаттанарлық деп есептеймін. Балалардың бөбекжай-балабақшадағы әр күні қызықты ойын-сауықтар, серуендегі еңбек, бақылауымен, экскурсиямен қамтылды. Табиғи факторларды пайдалана отырып тәрбиеленушілердің психофизикалық денсаулығын қорғау және нығайту, қоршаған ортаға танымдақ қызығушылығын ояту мақсаттары орындалды деп білемін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер М.Байсеитова ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен (2023 жыл 26 шілдедегі №7 хаттама) таныстырды және әр бөлімін талқылады.

Сөз сөйлеген: бөбекжай-балабақша меңгерушісі А. Үсен

-Әдістемелік нұсқау хатта педагогтардың перспективалық жоспары мен циклограмма толтыру үлгісі де берілген. Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстауды ұсынамын:

-Перспективалық жоспар мен апталық циклограмманы жоспарлауда әдістемелік нұсқау хатта берілген үлгіге сүйену.

-Балаларды ойын арқылы оқыту.

-Циклограммада жоспарланған шаралардың орындалуы.

Барлық педагогтар 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат бойынша өз пікірлерін ортаға салып талқылады және аталған ұсыныстарды қабылдады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, меңгеруші А.Үсен 2024-2025 оқу жылына арналған бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарымен, балабақшасының жұмысы бағыты, мақсат-міндетімен, күн тәртібі және ҰІӨ кестесімен таныстырып өтті.

-**ҰІӨ** кестесі бойынша дене шынықтыру, музыка, қазақ тілі өтіледі, ал басқа ұйымдастыры іс-әрекеттер күні бойына білім беру дағдылары кіріктіліп ұйымдастырылады деп түсіндіріп өтті. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылына педагогтардың перспективалық жоспарын талқылап, бекітуді ұсынады.

1. **Сөз сөйлеген** тәрбиеші Э.Маханбетова

Жылдық жоспарда балабақшаны мақсат-міндеттері және тәрбиелеу процесінде іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті жылдық жоспарды бекітуге болады деп есептеймін- деп өз ойын түйіндеді.

2. **Сөз сөйлеген** : психолог Ж.Қуандық

Балалардың жас ерекшелігіне қарай құрылған күн тәртібі, ҰІӨ кестесін бекітілуін қолдаймын. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес келді.

3. Сөз сөйлеген әдіскер М.Байсеитова.

2024-2025 оқу жылына педагогтардың переспективалық жоспары үлгілік оқу бағдарламасындағы баланың даму дағдыларының мақсат, міндеттерін шешуге сәйкес келді. Аталған жоспарларды бекітуді қолдаймын деп пікірін білдірді.

Педагогтар дауысқа салып, аталған ұсыныстарды бір ауыздан қолдады 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары;

Педагогтардың переспективаалық жоспары;

Жас ерекшелігіне қарай топтардың күн тәртібі;

ҰІӨ кестесі бекітілді.

Келесі төртінші мәселеде 2024-2025 оқу жылында педагогтардың кәсіптік санатын көтеру туралы өтініш қаралды. Меңгеруші А.Үсен тәрбиеші Р.Ахметова мен музыка жетекшісі Б. Мырзакулов кәсіптік санатын көтеру туралы өтінішін таныстырды және осы педагогтардан осы мәселе бойынша өз пікірлерін ортаға салуларын сұрады.

1. Сөз сөйлеген әдіскер М.Байсеитова:

-Тәрбиеші Р.Ахметова «ойын арқылы балалардың сөздік қорын байыту» тақырыбында былтырғы жылы аудандық тамыз педкеңесте өзінің құнды баяндама жасап, өз іс-тәжірибесін қорғап жетістігін көрсете білген. Педагогмодератор санатына ұсынамын.

2. Сөз сөйлеген тәрбиеші Д.Уразбаева

-Музыка жетекшісі Б. Мырзакулов өз әріптестері арасында белсенді, мерекелік іс-шаралар мен ойын-сауықтарды ұйымдастырушылық қабілеті жоғары маман. Музыкалық тәрбие беруде бүлдіршіндерді өз баласындай жақсы көріп, баурай біледі. Аудан көлеміндегі іс-шараларға белсенді қатысады. Педагог-модератор санатына лайықты деп білемін.

3. Сөз сөйлеген тәрбиеші Ж.Сопахова

Б.Айткулова мен Р.Бухарова балаларға тәлім-тәрбие беруде тәжірибелі мамандар. Педагог-модератор санатына лайықты деп білемін. Барлық педагогтар бұл ұсынысты бір ауыздан қабылдады.

4. Сөз сөйлеген меңгеруші А.Үсен педагогтардың кәсіптік санатын көтеру сараптау тобын және аттестаттау комиссиясын құрамын, қайта құру керектігін айтып, төмендегі педагогтарды ұсынды.

Сараптау кеңесінің құрамына:

Сараптау кеңесінің төрайымы-меңгеруші: А.Үсен

Мүшелері-тәрбиешілер: Д.Уразбаева, Р.Ахметова, Р.Бухарова әдіскер М.Байсеитова

ата-аналар комитетінің төрайымы А. Муса

Хатшы-психолог Ж.Қуандық

Аттестаттау комиссиясына:

Аттестаттау комиссиясының төрайымы-меңгеруші: А. Үсен

Аттестаттау комиссиясының орынбасары-әдіскер М.Байсеитова

Мүшелер-тәрбиешілер: Д Уразбаева, М.Ибрагимова,

М.Биболова, Хатшы-психолог Ж.Қуандық

Барлық педагогтар бұл ұсынысты бір ауыздан қолдап-қуаттады.

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші А.Үсен 2024-2025 жаңа оқу жылына озық іс-

тәжірибе жинақтаушыны бекітуіміз қажет. Сіздер кімді ұсынасыздар! Іс-тәжірибе жинақтап, аудан көлемінде құнды баяндама жасаймын, өзімнің шығармашылығымды, кәсіби деңгейімді арттырам деушілер барма?-деп сұрады.

1. **Сөз сөйлеген** әдіскер М.Байсеитова озық іс-тәжірибе жинақтаушыға тәрбиеші Д.Уразбаева мен музыка жетекшісі Б.Мырзакуловты ұсынды. Кәсіптік санатын көтеруге үміткер педагог үнемі ізденіп, шығармашылықпен айналысы, аудан көлеміндегі іс-шараларға белсене қатысып, озық іс-тәжірибелерін, жетістіктерін жинақтап байытып аудан, обылыс көлемінде таратып отыру керек. Сонда, ғана кәсіптік санатын көтере алады деп өз пікірін білдірді.

2. **Сөз сөйлеген** тәрбиеші Б.Айткуловаа музыка жетекшісі Б. Мырзакуловтың көп жылдық тәжірибесі бар, өте білікті маман екенін айта келе балаларға музыкалық білім берудің әдіс-тәсілдері туралы өзінің озақ тәжірибесін жинақтауын қолдайтынын білдірді.

Тәрбиеші: Д.У р а з б а е в а мен музыка жетекшісі Б. Мырзакулов бұл ұсыныстарды бір ауыздан қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының өтуі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқыту –тәрбиелеу процесін жоспарлауда педагогтар ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарына 2024-2025 оқу жылына тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын (2024ж 26 шілдедегі №7 хаттамамен бекітілген) негізге алсын.
3. 2024-2025 оқу жылына балабақшаның жылдық жоспары, күн тәртібі, ҰІӨ кестесі, педагогтардың перспективалық жоспары бекітілсін.

4. 2024-2025 оқу жылына сараптау аттестаттау комиссиясының құрамы төмендегіше бекітілсін.

Сараптау кеңесінің төрайымы меңгеруші- А.Үсен

Хатшы-психолог Ж.Қуандық

Аттестаттау комиссиясының төрайымы меңгеруші: А. Үсен

М.Байсеитова Мүшелері-тәрбиешілер: Д. Уразбаева, Р.Бухарова,

АР.Ахметова Хатшы-психолог Ж.Қуандық

Аттестаттау комиссиясының төрайымы - А.Үсен

Аттестаттау комиссиясының орынбасары – М.Байсеитова

Мүшелері - Д.Уразбаева, Р.Ахметова, Р.Бухарова

Хатшы- Г.Айтмерзаева

5. Музыка жетекшісі Б. Мырзакулов пен тәрбиеші Д.Уразбаева 2024-2025 оқу жылына озық іс-тәжірибе жинақтаушы болып бекітілсін.

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 27 қазан 2024 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар 23

Хатшы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағаны 2

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы туралы.

Жауапты: б/б меңгеруші А. Үсен

2. Күн тіртібінің орындалуы туралы.

Жауапты: б/б медбике Г. Құдайбергенова

3. Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы туралы.

Жауапты: әдіскер М.Байсеитова тәрбиешілер Р.Ахметова

4. Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша ұйымдастырылған әс-әрекеттің өтілу сапасы туралы.

Жауапты: әдіскер М.Байсеитова тәрбиешілер Р.Ахметова.

ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, меңгеруші А.Үсен өткен педкеңесте қаралған мәселелердің шешімін атап өтіп, орындалған немесе орындалмаған туралы есеп берді. Өткен пед кеңестің қаулысы бойынша мына төмендегі құжаттар бекітілді;

-Бөбекжай- балабақшасының 2024-2025 жылға жылдық жоспары;

-Күн тәртібі мен ҰІӨ кестесі.

-Педагог- психологтың жылдық жоспар;

-Тәрбиешілер мен музыка жетекшісінің перспективалық жоспар;

- Тәрбиеші: Д.Уразбаева, мен музыка жетекшісі Б. Мырзакуловтың біліктілік санатын көтеру туралы өтініш қаралып, іс-құжаттары жинақталып жатыр. Осы педагогтар шығармашылық жұмыспен айналысып, озық іс-тәжірибелерін жинақтауда.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, жас ерекшелігіне қарай топтардағы күн тәртібінің орындалуы туралы медбике Г. Бекбосын сөз сөйледі.

-Күн тәртібі режимінің қатаң сақталуы баланың өсуімен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Қазан айының айлық жоспарына сәйкес балабақшада күн тәртібінің орындалуын бақылау барысында, жас

ерекшелігіне қарай топтарда ешқандай кемшілік анықталмады. Балалардың іс-әрекеттері күн тәртібі кестесіне сәйкес жоспарланып өткізілуде. Балаларды таңертеңге қабылдау, дербес әрекет, таңертеңгілік жаттығу, балалардың тамақтануы, ҰІӨ, серуен, түскі ұйқы, ұйқыдан ояу т.б.

Ұсыныс: Қараша айында ауа райы суығанда серуен уақытының көлемін қысқарту.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде, балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы талқыланды. Әдіскер М.Байсеитова балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне бақылау жасалғанын айтты. Бақылау барысында анықталғаны, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту міндеттері ойын түрінде күн бойына кіріктіріліп ұйымдастырылып өткізілуде. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, сұраққа жауап беріп, сөздерді байланыстырып, сөйлем құрауы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келді. Дегенмен де тұйық, ұялшақ балалармен жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Ұсыныс:

Тұйық балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.

Ашық сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

Сөз сөйлеген психолог Ж.Қуандық

-Баланың өз мүмкіншіліктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізетін қасиеттердің бірі-ұялшақтық, тұйықтық. Одан балаб кезден арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Сондықтанда балабақшада педагогикалық-психологиялық қолдау тобын құруды ұсынамын.

Жарыс сөзде аталған ұсыныстарды талқылай келе, педагогтар бірауыздан қолдап қуаттады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеде, әдіскер М.Байсеитова балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің өтілу сапасын бақылау нәтижесі туралы айтты.

Балалардың физикалық дағдыларын дамыту барысын бақылауда анықталғаны, топтарда таңертеңгі жаттығу, ойын, серуенде балалардың физикалық дағдыларын дамыту мәселесі кіріктірілген. Балалардың физикалық тұрғыдан белсенділігі, қимыл-қозғалыстары жас ерекшелігіне сай жақсы дамыған. Алайда кіші топтарда балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда бір тәрбиешінің әрекеті жеткіліксіз, барлық балаға бірдей үлгере алмай жатыр. Тәрбиеші көмекшілерін тәрбие беру процесіне қатыстыру қажет.

Ұсыныс: Кіші топтарда баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда тәрбиеші көмекшілерімен бірлесе жұмыс жасау.

Сөз сөйлеген кіші топ тәрбиеші: Г.Мирашева

-Балалардың физикалық дағдыларын дамыту үшін, әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде, біз тәрбиешілер баяу қозғалысты немесе қимыл-қозғалыс ойындарын кіріктіреміз. Таңғы жаттығуға балалар музыка әуенімен ілесіп, белсенді қатысады. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қаалыптастыруда кіші жастағы балалар болғандықтан біраз үлгере алмай жатырмыз.

Жарыссөзде педагогтар әдіскер М.Байсеитова ұсынысын бірауыздан қолдап-қуаттады.

ШЕШІМІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.
2. Жас ерекшелігіне қарай топтарды күн тәртібінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Ауа-райы қолайсыз суық болған жағдайда, серуен уақытының көлемі әдеттегіден қысқартылсын.

Жауапты: медбике, әдіскер

3. Коммуникативті дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы қанағаттанарлық деп танылсын. Тұйық, ұялшақ балалармен жұмыс жасау үшін, балабақшада педагогикалық-психологиялық қолдау тобы құрылсын.

Жауапты: балабақша меңгерушісі.

4. Балалардың физикалық дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы қанағаттанарлық деп танылсын. Кіші топтарда балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру барысында тәрбиеші көмекшілері, тәрбиешінің көмекшілері

Мерзімі: үнемі

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 27 қазан 2024 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар 22

Хатшы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағандар: 2

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.

Жауаптылар: меңгеруші А.Үсен, әдіскер М.Байсеитова

2. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің өтілу сапасы.

Жауаптылар: А.Үсен, әдіскер М.Байсеитова

3. Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы.

Жауапты: әдіскер М.Байсеитова

4. «Үздік тәрбиеші» байқауын ұйымдастыру туралы.

Жауапты: меңгеруші А.Үсен

ТЫҢДАЛДЫ:

- Бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Үсен алдымен педагогтарды кіріп келе жатқан 2025 Жаңа жыл мерекелерімен құттықтады. Балабақшамызда жаңа-жылдық ертеңгіліктердің өте жақсы деңгейде өткізілгенін айтып өтті. Содан кейін күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша есеп берді.

- Өткен пед кеңестің шешімі бойынша, балабақшада ерекше балалармен жұмыс жасау үшін педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету тобы төмендегіше құрылды.

1. ППҚК қызметінің төрайымы - б/б меңгерушісі: А.Үсен
2. Медбике: Г. Бекбосын.
3. Педагог-психолог: Ж.Қуандық
4. Әдіскер М.Байсеитова

Осы ППҚК құрамы арнайы комиссия түзіп, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтап, педагогтерге жұмыс жасау үшін ұсынады.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері: М.Байсеитова

-Қазіргі таңда педагог-психолог Ж.Қуандық топ тәрбиешілерімен және ата-аналарымен бірлесіп педагогикалық-психологиялық қолдауды қажет ететін балалармен жеке жұмыстар жүргізуде. Кіші топтарда балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда тәрбиешілер мен тәрбиешілердің көмекшілері бірлесіп жұмыс жасауда.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе педагогтар өткен пед кеңестің шешімін қанағаттанарлық деп есептеді.

Күн тәртібіндегі екінші, үшінші мәселелер бірге талқыланды. Балабақша меңгерушісі А. Үсен Қараша, Желтоқсан айларында барлық топтарда ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізілгенін айтты.

-Ашық есік күніне, мерекелік ертеңгіліктерге ену барысында жылдық жоспарға сәйкес педагогтардың балалардың шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту сапасына бақылау жүргізілді.

Музыка жетекшісі Б. Мырзакуловтың балаларға ән айтуды, тыңдауды, музыка ырғағын сәйкес ырғақты қимыл-қозғалыс жасауды үйретуі өте жақсы. Балаларға музыкалық аспапты үйрету барысында өзінің іс-тәжірибе жинағын алуда, обылыс көлемінде қорғап көрсете білді. Сондай ақ тәрбиешілердің сурет салу, мүсіндеу, құрастыру іс-әрекеттерінің де ұйымдастыру, әдіс-тәсілдері қолдану барысы қанағаттанарлық.

Ұсыныс: Жапсыру іс-әрекенін үйретуде жаңаша технологияларды, дәстүрден тыс әдістерді қолдану.

Сөз сөйлеген: әдіскер М.Байсеитова

-Тәрбиешілердің іс-әрекетерді ұйымдастыруға дайындықтары жақсы, әзірленген көрнекі құралдары талапқа сай. Балалардың әлеуметтік-эмоциялары дағдыларын дамытуда, тәрбиешілер күні бойы балаларды серуен кезінде ересектердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге, табиғатты қорғауға тәрбиелеуде. Қоршаған ортамен таныстыруда. Ал ойын барысында бір-бірімен таласпен ұйымшылдықпен ойнауға, өз ойын, пікірін еркін білдіруге, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуге, ойыншықтарды күтіп ұстауға, заттардың қалай пайда болатыны және оларды кімдер жасайтыны туралы білім беруде.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша тәрбиешілердің жұмысы қанағаттылық деуге болады.

Ал енді, шығармашылық дағдыларды дамыту сапасына келсек, балалардың сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдылары жас ерекшелігіне сай дамыған. Алайда жапсыру іс-әрекеті бойынша көбірек жұмыс жүргізуде қажет етеді. Барлық баламен бірдей мақсатқа жету үшін ұжымдық жұмысты тиімді пайдалану қажет.

Сөз сөйлеген: бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі: Р.Ахметова

-Музыка жетекшісі балалармен тіл-табысып, мотивацияларын оятып, жұмыс жүргізе біледі. Балалардың музыкалық ойын-жаттығуларға юелсенділігі жақсы. Таңертенгі жаттығуды музыка әуені арқылы ұйымдастырады. Бұл балалардың музыкаға еліктеу, ырғақты тани білуін арттырады.

Жапсыру іс-әрекетін ұйымдастыруда жаңа әдіс-тәсілдерді ізденіп, іс-тәжірибе жинақтауымыз қажет.

Күн тәртібіндегі келесі төртінші мәселе бойынша, бөбекжай-балабақша менгерушісі П. Сарабаева балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес, педагогтар арасында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауын ұйымдастыру керектігін хабарлады. **Байқаудың мақсат-міндеттері:** педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру, іс-тәжірбиесін дамыту.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші ;Г.Мирашева

-«Үздік тәрбиеші» байқауын ұйымдастыруды қолдаймын. Себебі бұл байқау тәрбиешілердің кәсіби шеберліктерін, білімдерін арттырып, өздерінің іс-тәжірбиелерін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Жарыс сөзде педпгогтар мәселені талқылай келе бірауыздан «Үздік тәрбиеші» байқауын қолдап-қуаттады. Байқау ережелерін құру және оған қатысушыларды ұйымдастыруды әдіскер М.Байсеитова жүктелді.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалады деп есептелінсін.
2. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
Жапсыру ҰІӨ де тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету Г.Уразбаеваға жүктелсін.
3. Әлеуметтік-эмоциональды дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің өтілу сапасы өанағаттанарлық деп танылсын.
4. Тәрбиешілер арасында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауы ұйымдастырылып өткізілсін.

-Байқау шарттарын түзу және ұйымдастыру әдіскер М.Байсеитова

-Музыкамен сүйемелдеу музыка жетекшісі Б. Мырзакуловқа жүктелсін.

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №4

Өткізілген уақыты: 29 ақпан 2024 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар: 22

Хатшы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ.

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы
Жауапты: әдіскер М.Байсеитова
2. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланыс туралы
Жауапты: меңгеруші А.Үсен
3. Сауықтыру шараларын өткізу барысы.
Жауапты: медбике Г.Бекбосын
4. Танымдық-зиякерік дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапасы туралы.
Жауаптылар: меңгеруші А.Үсен, әдіскер М.Байсеитова

ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, әдіскер М.Байсеитова өткен педкеңесте қаралған мәселелердің шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

1. Педагогтерге жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша әдістемелік кеңестер, әдістемелік материалдар берілді. Сонымен қатар әлеуметтік желіден үздік тәжірибелерімен таныстырып, балабақша ішілік **«шеберлік сыныбы»** өткізілді.

2. Балабақша ішілік **«Үздік тәрбиеші»** байқауының ережесі түзіліп, қатысушыларға таныстырылды.

Өткізу мерзімі: Наурыз айы.

Жарыссөзде педагогтар байқау ережесімен танысқандығын және онымен келісетінін білдіріп, бірауыздан қолдап-қуаттады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, меңгеруші М.Байсеитова тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланыс туралы бақылаудың нәтижесі қанағаттанарлық екенін айтты.

-Тәрбиешілер ата-аналармен жылдық жоспар бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Барлық топтарда ата-аналар бұрышында педагогикалық, психологиялық, медициналық кеңестер салынған жылжымалы папка ұйымдастырылған. Алайда, тәрбиешілер ата-аналарға

үнемі педагогикалық-психологиялық көмек беріп қана қоймай, сондай ақ ата-аналарды балабақша өміріне тарту және тәрбие-білім беру жұмысына белсенді қатысуын ұйымдастыру қажет-деді.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Р.Ахметова

-Балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде де үнемі ата-анамен байланысқа түсіп, отбасындағы мәселелерден де хабардар болып отырамыз. Ата-аналар жиналысында да психологиялық тренингтер өткізіп, педагогикалық кеңестер жүргіземіз.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Э.Маханбетова

-Бізде Мектепалды тобында ата-аналар іс-шараларға тікелей қатысып немесе өздерерінің ой-пікірлерімен ұсыныстарын беріп, қолдау көрсетіп отырады. Ата-аналар бір шама белсенді. Әр күні балалармен орындаған жұмыстарымызды телефонда бейне таспаға түсіріп, ата-аналарға жіберіп отырамыз. Балабақшада ойнаған дидактикалық, танымдық ойындарды үйде отбасында жалғастыруға кеңестер береміз.

Сөз сөйлеген: балабақша әдіскері: М.Байсеитова

-Біз педагогтар ата-аналармен тығыз байланысып, іс-шаралар жоспарын алдын ала хабарлап, бағдарламаны бірге ұйымдастыруға тартуымыз қажет. Алдымызда Наурыз айы келе жатыр. Наурыз айында ата-аналармен атқарылатын жұмыстар өте көп. 8 наурыз мерекесіне мектепалды тобының қыздар арасында «Анам және мен» отбасылық байқау, басқа топтарда «Менің анам алтын» мерекелік ертенгілік, Наурыз мерекесінде «Ұлтық бұйымдар» көрмесі ұйымдастырылады.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Ж.Куралбаева

-Наурыз айында болатын іс-шаралармен ата-аналарды таныстырамыз, бірге тығыз байланыста жұмыс жасаймыз деп сенемін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде, бөбекжай-балабақшада педагогтардың балаларды сауықтыру шараларын өткізу әдісі талқыланды.

Медбике Г.Бекбосын балабақшада педагогтардың балаларды сауықтыру-шынықтыру шараларына әкімшілік тарапынан бақылау жүргізілген, бақылау барысында ешқандай кемшіліктер анықталмағанын айтып өтті. Сонымен қатар тәрбиешілерге балаларды сауықтыру-шынықтыру шараларын өткізу әдістері туралы кеңес берді. Балаларды ұйқыдан ояту кезінде, серуенен қайту кезінде ойын іс-әрекетерінде қандай сауықтыру шараларын өткізу тиымды және бала денсаулығына пайдалы екенін өтті. Балалар ұйқыдан тұрғанда кидр-бүдір жолдармен жүру, жалаң аяқ жүру, жылы сумен жуыну (ауа райы жылы кезінде салқын сумен), нүктелі массаж жаттығуларын жасау. Жыл мезгіліне сай дене шынықтыру сауық кешендері ұйымдастыру т.б.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Л.Жаркинбекова

-Біз кіші жас тәрбиеленушілерін сауықтыру үшін табанға арналған кілемшелерді қолданып жатырмыз. Келемшеде табанға арналған түрлі нүктелі құралдар жабдықталған. Балалар бұл кілемшемен жүруді ұнатады. Дербез әрекет кезінде музыкалық-ырғақты жаттығулар жасаймыз. Кішкене түкті шарлармен алақанға неро-жаттығуларын жасаймыз.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші М.Биболова

-Балалармен үнемі сауықтыру-шынықтыру шараларын өткізу өтте маңызды. Бала неңұрлым түрлі қимыл-қозғалыстарды меңгерсе, сол құрлым сезім, қабылдау жәнеде басқа психикалық процестердің дамуына мүмкіндік туғызады. Медбике Г. Бекбосын балаларды сауықтыру – шынықтыру шараларын өткізу әдіс тері туралы кеңесін назарға аламыз.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе, б/б менгерушісі: А.Үсен балалардың танымдық-зияткерлік дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы күн сайын ойын түрінде және серуен кезінде жүзеге асырылады. Бірақ жалпы топтардың қантар айындағы аралық мониторинг қорытындысы бойынша, үлгілік оқу бағдарламасын төмен деңгейде менгерген балалармен жұмыс жүргізу керек. Жеке даму картасына сәйкес дамыту-түзету жұмыстарын жүргізу қажет.

IIIIMI:

«Үздік тәрбиеші» байқауы Наурыз айында өткізілсін.

3. Тәрбиешілердің балаларды сауықтыру шараларын өткізу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.

4. Танымдық-зияткерлік дағдылар бойынша даму деңгейі төмен балалармен жеке даму картасына сәйкес дамыту-түзету жұмыстары жүргізілсін.

Хатшы:

А. Үсен

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Қатысқандар: 20

15.04.2024

Қатыспағандар:0

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Педагогтерді аттесттатаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жаңа ережемен таныстыру, талқылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.Үсен сөз сөйлеп, педагоктарды аттесттатаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жаңа ережемен таныстырып, талқылады.

Осы Педагогтерді аттесттатаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі-қағидалар) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 7- тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, «Мемлекеттік көрсетілетін өызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беруді (растауды) тәртібін айқындайды.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері:М.Байсеитова аттестаттаудың кейбір нормалары бойынша түсініктеме берді.

1. Қағидалардағы негізгі өзгерістердің бірі-барлық деңгейдегі педагогтар үшін ПББ тапсыру кезінде сұрақтардың бірдей саны-50 сұрақ, оның ішінде пәндік білім 30 сұра, оқыту әдістемесі бойынша 20 сұрақ. Жаңа Қағидаларда сұрақтардың жалпы саны пайыздық көрсеткішпен есептеледі. «Педагог-модератор» санатына үміткерлер үшін шекті деңгей кемінде - 60%, педагог-сарапшылар үшін – 70%, педагог-зерттеушілер үшін – 80% және педагог-шеберлер үшін 90% құрайды.
2. 2024 жылы аттестаттау кезеңі аяқталатын әдіскерлерге, білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарларына аттестаттау кезеңінің мерзім 3 жылдан 5 жылға дейін өзгеруіне байланысты олардың біліктілік санаттары 2 жылға ұзартылады.
3. Білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшылары, басшы орынбасарлары лауазымға тағайындалған мерзімнен үш жылдан кейін аттестаттауға қатыса алады.
4. 2024-2027 жылдардың екінші жартыжылдығында аттестаттау кезеңі аяқталатын педагогтерге біліктілік санаты келесі күнтізбелік жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылады.
5. 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар барлық лауазымдағы педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын растау кезінде ПББ-ден өтуталап етілмейді. Бұл норма ескі форматтағы санаты бар (1, 2 және жоғары)

педагогтерге де қолданылады. Бұл жерде педпгогтің қосымша мамандықтар бойынша бейіні ескеріледі (қос дипломы немесе қайта даярлықтан өткені).

6. 2023 жылы өткен тестілеу серификаттарының мерзімі 2024 жылға жарамды және ағымдағы жылы аттестаттау кезіне жарамды болып табылады.
7. ПББ кезінде түрлі бұзушылықтарға жол берген педагогтерді тестілеуден шеттету мерзімі 5 жылдан 1 жылға дейін қысқартылды. Алдыңғы жылдарда бұзушылық жасап шеттетілген педагогтердің 9 бұзушылық туралы актісінің күші жойылады және педагог ағымдағы жылы тестілеуге қатысуға мүмкіндігі болады.
8. Ескі форматтағы санаты бар педагогтерге биыл жаңа жүйеге көшуге толық мүмкіндік беріледі.
9. Ағымдағы жылдан бастап аттестаттау жылына бір рет қана өткізілетін болады.
10. Педагог-модератордың біліктілік санатын беру, растау туралы шешімді білім беру ұйымдары, сарапшыға – аудандық, қалалық білім бөлімдері, зеріттеушіге – білім басқармалары, ал шеберге – ҚР Оқу ағарту министірлігінің аттестаттау комиссиялары, қабылдайды.
11. Төтенше жағдай жарияланған өңірлердегі (Абай, Ақтөбе, Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Ұлытау, Павладар, Солтүстік Қазақстан және т.б. облыстар) аттестатау кезеңі келіп тұрған педагогтер үшін аттестаттаудан және тестілеуден өту мерзімдері кейінге шегеріледі, өткізілу уақыты қосымша хабарланады.
12. Су тасқыны салдарынан үй- жайынан айырылған педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімі 1 жылға шегеріледі (келісімдері бойынша), ағымдағы біліктілік санаты сақталады. Осыған орай, білім басқармалары заңдарда қаралған тәртіппен тиісті құжаттарды жинақтап, арнайы бұйрық дайындаулары тиіс.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Педагогиктерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жаңа ереже назарға алынсын.

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
хаттамасы

Қатысқандар: 18

07.04.2024жыл

Қатыспағандар: 2

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жобамен таныстыру, талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.Үсен сөз сөйлеп, педпгогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жобамен таныстырып, талқылады.

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш , негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқада азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31490 болып тіркелді.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері: М.Байсеитова аттестатталғатын педагог іс-әрекетінің қадамдары туралы түсіндірді.

АТТЕСТАТТАЛАТЫН ПЕДАГОГ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҚАДАМДАРЫ

1. ПББ тапсыру. ББ бекіткен кестеге сәйкес тестілеу орталығы пункттерінде тапсырылады.
2. Материалдарын қалыптастыруға жәрдемдеседі.
3. Өтініш беру. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, педагогтің өзі электронды түрде береді.
4. Сарапшылық комиссияның қарауы. 1 ай ішінде.
5. Аттестаттау комиссияның шешім шығаруы. Кезекті аттестаттаудан өтіп жатқан педагогтер үшін 2024 жылғы ік тамызға дейін ескі форматтан қолданыстағы форматқа ауысып жатқан педагогтер (1, 2, жоғары санат) үшін 2024 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін.
ПББ тестін басшылардың орынбасарлары да, әдіскерлер де тапсырады. Педагог жетістіктерінің тізіміне швғармашылық, спорттық конкурстар мен жарыстар енгізілді. Басшылар үшін ПББ тесті ҚР «Сыбайлас жемәорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Заңынан 10 сұрақпен толықтырылды.
Екінші, бірінші, жоғары санатты педагог аттестаттаудың қолданыстағы форматына көшеді. Мектеп педагогтер жаңа форматқа ағымдағы жылдың 31желтоқсанына дейін;
Басқа білім беру ұйымдарының педагогтері 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ауысады.
Уақытша еңбекке жарамсыз тұлғалар үшін;
Декреттік демалыстан шыққан тұлғалар үшін;
Білім беру ұйымдарынан министрлікке, білім басқармаларына, әдістемелік кабинеттерге ауысқан педагогтер үшін санаттың қолданыс мерзімі 1 жылдан 2 жылға дейін ұзартылады.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі:

15. Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

Педагогтер үшін:

1. Біліктілік тестілеуі;
2. Эссе;
3. Біліктілік бағалау,
4. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары және әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

1. Біліктілік бағалауы;
2. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау,
3. Аттестаттау комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу (өзін-өзі бағалау және комиссияның бағалауы сәйкес келмеген жағдайда).

Біліктілік тестілеуі:

Педагогтер:

Күнтізбелік жыл 1 (бір) рет – ақысыз;

Күнтізбелік жыл 1 (бір) рет қайта өту ақылы негізде;

Күнтізбелік жыл 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;

Сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде;

Педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар:

Күн тізбелік жыл ішінде 1 рет – ақысыз;

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары күнтізбелік жылда 1 (бір) рет – ақысыз;

Күн тізбелік жыл ішінде 1(бір) рет қайта өту ақылы негізде;

Сынақ (қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде. Біліктілік тестілеуі келесі тест тапсырмаларынан тұрады:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:

-« Мектепке дейінгі педагогика және психология» - отыз тапсырма;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

Өзге лауазымдағы педагогтер:

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - отыз тапсырма;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

2. «Педагогика, оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

Біліктілік тестілеуінің уақыты:

«Мектепке дейінгі білім беру» және «Қосымша білім беру» бағыттары үшін-жүз жирма минутты; өзге педагогтер үшін – екі жүз он минутты құрайды.

3. Біліктілік тестілеуін өткізу кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталған жағдайда педагогке бес жыл (білім беру ұйымдарының басшылары – үш жыл) мерзімге аттестаттаудан өтуге рұқсат берілмейді. Педагогтің біліктілік санаты «педпгог» біліктілік санатына дейін (басшы-«білім беру ұйымының басшысы» біліктілік санатына дейін) төмендетіледі.

Біліктілік тестілеуін өткізу кезінде аудиториядан кезекшінің рұқсатынсыз және ілесіп жүруіңіз шырғуға,бір-бірімен сөйлесуге, бір орнынан екінші орынға ауысуға, материалдармен алмасуға, аудиториядан материалдарды алып шығуға, аудиторияға заттарды (оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, цифрлық смарт-аппаратураны) кіргізуге және пайдалануға жол берілмейді.

Отырғызғаннан кейін тестілеу басталғанға дейін тестілеу және эссе жазу кезінде мінез-құлық қағидалары бойынша нұсқама жүргізіледі.

Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

1. Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін бір балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі;

2. Ұсынылған нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты тыңдайтын тапсырмалар үшін барлық дұрыс жауаптар үшін – екі балл; жіберілген бір қате үшін бір балл; екі және оданда көп қателіктер үшін нөл балл.

Қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезінде педпгогке біліктілік снатын беру (растау) үшін оны кезекті аттестаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болса біліктілік санаты мерзімі аяқталғанаға дейін сақталады, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендеиді. Бұл біліктілік санаты аттестаттаудың келесі тамыз желтоқсан (қаңтар мамыр) кзкніне

дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог Біліктілік тестілеуінен өткенен киін бастапқыда өтініш берілген біліктілік санаты бойынша аттестаттаудан өтеді.

Педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар- мамыр) аттестаттау кезінінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтініш уақыты бермеген жағдайда біліктілік санаты «Педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар- мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог №338 бұйрығымен бектілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санаты аттестаттаудан өтеді.

«Екінші», «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – «педагог» санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезінде педагог №338 аттестаттаудан өтеді.

2- параграф. Эссе жазу тәртібі:

Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілген уақыт -30 минут. Қолданылатын сөз саны -250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтың жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі. Жазылған эссе педагогтың жеке кабинетіне жолданады.

Санат	Блок	Пәндер бойынша балл	Біліктілік тестінен өту Үшін (%)	Біліктілік Тестінен өту Үшін (балл)
Педагог	Мектепке дейінгі педагогика және психология	30	60%	18
Мадератор	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі	30	40%	12
Педагог -	Мектепке дейінгі педагогика және психология	30	70%	21
сарапшы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі	30	50%	15
Педагог -	Мектепке дейінгі педагогика және психология	30	80%	24
зерттеуші	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі	30	60%	18
Педагог -	Мектепке дейінгі педагогика және психология	30	90%	27
Шебер	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі	30	70%	21

Білім беру ұйымдарының басшылары үшін

Санат	Блок	Пәндер бойынша балл	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балл)
Ұйымдастырушы-басшы	Заңнаманы білу	80	70%	56
	Басқарушылық құзыреттер	20	70%	14
Басшы-менеджер	Заңнаманы білу	80	80%	64
	Басқарушылық құзыреттер	20	80%	16
Басшы-көшбасшы	Заңнаманы білу	80	90%	72
	Басқарушылық құзыреттер	20	90%	18

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы ереже назарға алынсын.

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.
ХАТТАМА №5

Өткізілген уақыты: 24 мамыр 2024 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар саны: 18

Хатшысы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағандар саны: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Озық әс-тәжірибие жинақтаушының жұмысын талдау.
3. Педагог қызметкерлерінің кәсіптік санатын көтеру туралы.
4. Балаларының қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі.
5. Жазғы демалыс уақытындағы іс-шарлар жоспарларымен күн тәртібі кестесін бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Үсен, өткен педкеңесте қаралған мәселелердің шешімін атап өтіп, орындалғаны немесе орындалмағаны туралы талқылады.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері: М.Байсеитова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде есеп берді.

1. Наурыз айының 29 на тәрбиешілер арасында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Педагоктар байқау барысында өздерінің кәсіби білімдері мен ізденім паздықтарын, шығармашылықтарын көрсетіп, іс-тәжірибелерімен бөлісті.
2. Ата-аналардың бала тәрбиесінде тәрбиешілермен ынтымақтастықта жұмыс жасауы, баланың балабақшадағы өміріне қатысуы үшін педагоктар ата-аналарға түрлі үгіт насихаттары жүргізіп, дөнгелек үстелдер ұйымдастырылып өткізілді.
3. Танымдық-зияткерлік дағдылар бойынша даму деңгейі орташа, төмен балалармен педагоктар жеке даму картасына сәйкес жұмыстар жүргүзілді.

ШЕШІМ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛЫМ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе озық іс-тәжірибе жинақтаушының жұмысын талдау туралы болды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: бөбекжай-балабақшасының әдіскері: М.Байсеитова

-Тәрбиеші Б.Айткулова «Балалардың білім дағдыларын ойын арқылы дамыту» тақырыбында іс-тәжірибе жинақтады. 2023 жылы аудан көлемінде ұйымдастырылған «Педагогикалық идеялар» фестиваліне қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісіп 3 орынмен марапатталды. 2024 жылы ақпан айында аудан педагогтеріне арналған әдістемелік-теориялық конференцияда үздік іс-тәжірибесімен бөлісіп, жоғары кәсіби шеберлік танытқаны үшін аудандық білім бөлімінен марапатталды. Музыка жетекшісі Б.Мырзакулов «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуда музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды қолданудың тиімділігі» тақырыбында іс-тәжірибе жинақтады. 2023-2024 оқу жылында іс-тәжірибесін қорғап, аудан, обылыс деңгейінде ұйымдастырылған «Педагогикалық идеялар» фестиваліне қатысып аудандық және обылыстық білім басқармасынан 1 орынмен марапатталды.

ШЕШІМ:

1. Педагог қызметкерлер Б.Айткулова мен Ж.Куралбаева жинақтаған іс-тәжірибесі балабақшаның оқу-тәрбие процесінде қолдану назарға алынсын.

3. ТЫҢДАЛАДЫ:

Келесі мәселед педагог қызметкерлердің кәсіптік санатын көтеру туралы талқыланды.

Сөз сөйлеген балабақша меңгерушісі: А.Үсен

-2023-2024 оқу жылында өзінің кәсіптік санатын педагог-модератор санатына көтеру туралы педагог қызметкерлер Р.Ахметова өтініш берген болатын. Аталған педагогтар білім деңгейін дәлелдеу үшін сәуір айында ұлттық біліктілік тестін сәтті тапсырды. Аттестаттау комиссиясы және сараптау кеңесі мүшелері педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекеті мен іс-шараларына қатысып бағалау парақтарын толтырды. Кәзіргі күнде іс-материалдары жинақталып (портфолио), бөбекжай-балабақшаның сараптау комиссиясы қарауына жіберілуге дайын.

Сөз сөйлеген әдіскер: М.Байсеитова педагогтардың іс-материалдарын қарауға, сараптау кеңесіне жіберу үшін балабақша жанынан **merey_attestazia 2024 @ mail.ru** поштасы ашылғанын және келесі 2024-2025 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеруге өтініштер қабылданатынын хабарлады. Сонымен қатар педагогтарды аттестаттаудың жаңа қағидаларымен (72 қаулы) қайта таныстырды.

ШЕШІМ:

1. Педагогтардың іс-материялдарын жинақтап, сараптау кеңесіне жіберу, электронды поштаға жүктеу үшін әдістемелік көмек беру әдіскер
2. М.Байсеитова жүктелсін.
3. 2024-2025 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеруге өтініштер қабылданын.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде балалардың қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі талқыланды.

Сөз сөйлеген: әдіскер М.Баймсеитова

-Қортынды мониторинг жас ерекшелігіне қарай барлық топта жасалып толтырылды. Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру дағдылары жиынтық есеп бойынша төмендегіше анықталды.

Топтар	Бала саны	Олардың ішінде жоғары деңгей	%	Олардың ішінде орташа деңгей	%	Олардың ішінде төмен деңгей	%
Кіші топтар	40	21	53	15	37	4	10
Ортаңғы топтар	25	13	51	10	41	2	8
Ересек топтар	45	25	55	17	39	3	6
Мектепалды топтар	20	14	69,99	5,07	25,34	0,93	4,67
Барлығы	130	72,56	55,81	47,59	36,61	9,85	7,57

ШЕШІМ:

1. Балалардың қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде, жазғы демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарлары мен күн тәртібі кестесін бекіту талқыланды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі А. Үсен педагогтарды ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі №3 хаттамалық шешімімен ұсынылған мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныммен таныстырды. Бөбек жасындағы және Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған (3 және 4 қосымшалар) жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарының үлгісімен таныстырып, жас ерекшелігіне қарай топтардың преспективалық

жоспарын жоспарлауда үлгіге сүйеніп жасауды ұсынды. Педагогтарды жазғы сауықтыру шараларының мақсат-міндеттерін түсіндірді. Жаз мезгіліндегі басты мақсат, балалардың денсаулығын нығайту, сауықтыруды қамтамасыз ету болып табылады- деді.

Сөз сөйлеген: бөбекжай-балабақшасы әдіскері М.Байсеитова педагогтарды Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары осы әдістемелік ұсынымға сүйеніп жасалынғанын түсіндірді. Жас ерекшелігіне қарай тотоптардың жаз мезгіліндегі күн тәртібі кестесін таныстырды. Сонымен қатар Әдістемелік ұсынымның 3 және 4 қосымшаларына сәйкес балалармен өткізілетін әрбір сауықтыру шаралары күн тәртібі кестесіне сай жүргізілуі керек екені еске салды.

Жарыс сөздер педагог қызметкерлер жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының әр бөлімін және күн тәртібі кестесін талқылай келе бекітуді бір ауыздан қолдап – қуаттады.

ШЕШІМ:

1. Жазғы демалыс уақытындағы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары мен күн тәртібі кестесі бекітілсін.
2. Жоспар бойынша іс-шаралардың өз мерзіміне ұйымдастырылып өтілуі назарға алынсын.
3. Жас ерекшелігіне қарай топтардың жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары Әдістемелік ұсынымның 3 және 4 қосымшасына сәйкес тузілетін.

Пед. Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А. Үсен

Г.Айтмерзаева

